

Мемлекеттік ауқымдағы Үкіметтің міндеттерінің бірі оны неғұрлым құзыретті, білікті және этикалық кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік аппаратты кәсібилендіру болып белгіленді.

Аталған шара мемлекеттік қызметтің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және соның салдарынан жалпы мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруға бағытталды.

### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Бабушкина Е. А., Бирюкова О. Ю., Л. С. Верещагина. Дағдарысқа қарсы басқару. М.: Эксмо, 2018 ж. 160 б.
2. Дағдарысқа қарсы басқару / оқулық (ред. проф. Э. М. Короткова) М.: ИНФРА-М, 2020 ж. 431 б.
3. Захаров В. Я. Дағдарысты басқару. Теория және практика: Экономика және басқару мамандары бойынша оқитын ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. М.: бірлік-дана, 2018 ж. 232-234 б.
4. Катаргина Н.А. Қазіргі ұйымның персоналымен жұмыс істеудегі кадрлық тәуекелдерді басқару // Экономика және басқару: мәселелер, шешімдер. 2018ж . Т. 2. № 8. 373-377 б.
5. Катаргина Н.А. Кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттыру факторы ретінде инновациялық кадрлық әлеуетті қалыптастыру / Н.А. Катаргина // Еділ Мемлекеттік қызмет университетінің хабаршысы. Экономика Сериясы. - Тольятти: ПВГУС баспа-полиграфиялық орталығы. 2019 ж. - № 1 (27). - Б.116-121.
6. Кадрлық саясат және кадрлық жоспарлау / Ю. Г. Одегов, М. Г. Лабаджан. – М.: Юрайт Баспасы, 2020 ж . – 444 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается понятие кадровой политики и ее особенности в условиях кризиса. Приведены основные принципы и направления антикризисной кадровой политики. Также рассмотрены эффективность предприятия, потеря доли рынка и банкротство компании в случае кризиса.

### RESUME

The article discusses the concept of personnel policy and its features in a crisis. The basic principles and directions of anti-crisis personnel policy have been studied. It also took into account the efficiency of the enterprise, the loss of the market and the bankruptcy of the company in the event of a crisis.

ӘОЖ 657.42

Сайнова А.Ж., 4 курс

Ғылыми жетекші: Айшева Г.А., э.ғ.к., доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

### ЖАЛҒА АЛЫНҒАН НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТИІМДІЛІГІН ЕСЕПКЕ АЛУ

#### Андатпа

Бұл мақалада жалға алынған негізгі құралдар есепке алу мәселелері мен оларды бағалау түрлері қарастырылған. Сонымен қатар жалға беруші мен жалға алушылар бойынша жүргізілген шаруашылық операцияларға бухгалтерлік жазулар келтірілген. Жалпы негізгі құралдар бірнеше жылдар ішінде пайдалануға көзделетін материалдық активтер болып табылады.

*Түйін сөздер:* негізгі құралдар, материалдық активтер, күрделі жөндеу, жалдау, жалгер.

Бүгінгі таңда кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметін тиімді қамтамасыз ету үшін негізгі құралдар қажет. Жоспарлы тапсырмаларға сәйкес негізгі құралдардың саны әр өндіріс бойынша өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың заман талабына сай түрлерін және еңбек құралдарын тиімді пайдалануды ескере отырып белгіленеді. Бірнеше жыл бойы кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметіне қызмет көрсететіні еңбек құралдары мен басқа да мүліктердің құндары «негізгі құралдар» деген ұғымды береді.

Негізгі құралдар дегеніміз – ол қызмет көрсетулерде, өнімдер өндіруде немесе оларды жеткізуде пайдаланылатын, үшінші бір тұлғаларға жалға беруге, әкімшілік мақсаттарға арналған,

бірнеше жылдар ішінде пайдалануға көзделетін материалдық активтерді айтады [1].

Жалдау дегеніміз - кәсіпорындар мен өзге мүліктік кешендер арасындағы жерді, өзге табиғи ресурстарды және жалгердің шаруашылық немесе өзгеде қызметін өз бетінше жүзеге асыруына қажетті мүліктерді шартқа негізделген түрде мерзімді, қайтарымды түрде пайдалануы. Бұндай жалдау нәтижесінен жалға беруші мен жалгер арасындағы жалдау шартына негізделген қатынастар пайда болады.

Жалға беруші деп жалдау шарты негізінде мүлікті жалға беретін меншік иесін айтады. Мүлікті жалға беретін меншік иесі уәкілеттік органдар мен ұйымдар, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар жалға беруші бола алады.

Жалгер деп жалдау шарты бойыша мүлікті жалға алатын заңды немесе жеке тұлғаны айтады. Жалгер болып заңды және жеке тұлғалар, біріккен кәсіпорындар, шетелдік заңды тұлғалар, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктер болуы мүмкін.

Жалдау шарты ол екі жақтың еркінділігі мен толық тең құқылы негізінде жасалатын жалдау шартының талаптарына сай мүлікті жалға беру туралы жалгер мен жалға беруші арасындағы келісім. Мүлікті жалға беру меншікті беруге әкеліп соқтырмайды [2].

Халықаралық тәжірибеде жалдаудың үш түрі кездеседі: Ұзақ мерзімді, Жай және Қаржылық лизинг болып.

Ұзақ мерзімді лизингте мүлікті 3 жылдан артық мерзімге жалдайды. Ұзақ мерзімді лизингтер жай және қаржылық болып бөлінеді.

Жай лизинг, ол жалдау шартының мерзімі аяқталған соң, мүліктің жалға берушіге қайтарылуын көздейтін лизинг.

Қаржылық лизинг – ол жалды ұзақ мерзімге несиелендірудің нысаны болып табылады.

Жалпы негізгі құралдардың артықшылығы ол өндірісте ұзақ уақыт және бірнеше рет пайдаланылатындығы болып табылады. Сондықтан да олардың құндары тұрақты түрде өндіріске және қайтарым шығындарына апарылады.

Кәсіпорындарда 16 «Негізгі құралдар» IAS Халықаралық қаржы есептілігінің стандартында негізгі құралдар қаржылық және бухгалтерлік есептілікте олар кірістелгеннен шыққанға дейін бастапқы құнмен тіркеліп отырады. Осы стандартқа сәйкес бастапқы құндар келесілерді қамтиды:

- Импорттық баж бен сатып алуға кеткен өтелмейтін салықпен бірге сауда жеңілдіктері және қайтарылатындарды шегеріп тастағандағы сатып алу бағасы;

- Өртүрлі шығындар, яғни мекеме басшылығының ықпалымен активтерді қажетті жерге жеткізуге және олардың тұрақты жұмыс жасауын қамтамасыз етуге тікелей жатқызылған шығындар;

- Табиғи ресурстарды қалпына келтіруге кеткен шығындарды бөлшектеуге және жоюға бастапқы бағалау.


Негізгі құралдарды күрделі жөндеу шығындары жалгерлік келісімнің шарттарына сәйкес жалгер мекеменің есебінен немесе жалға беретін мекеменің жалгерлік ақысын төмендету есебінен қабылдануы мүмкін. Негізгі құралдардың жалға алынған нысандарын күрделі жөндеу жөніндегі шығындарды есепке алу 1620 «Алдағы кезеңдердің шығыстары» шотында жүргізіледі, тек бұл шотқа «Негізгі құралдардың жалға алынған нысандарын күрделі жөндеу шығындары» атты субшот ашылады.

Негізгі құралдардың жалға алынған нысандарын жалгердің есебінен жүргізілген күрделі жөндеу шығындарын жабу үшін қор жасалып, 3440 «өзге қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері» шотында есепке алынады да, онда «жалға алынған негізгі құралдарды күрделі жөндеуге алда тұрған шығындар» атты субшот ашылады [3].

Жалға алынатын негізгі құралдарды күрделі жөндеу шығындары сметалық құнмен келісім шартта қарастырылған жалға беру мерзімі негізінде есептеліп, көрсетіледі.

Негізгі құралдар келесідей құндармен бағаланады (сурет 1).

Нарықтық экономикалық жағдайлары байланысты негізгі құралдарды жалдау ағымдағы және қаржыланатын болып бөлінеді. 17 - "Жалға беру" ХҚЕС-ына сәйкес негізгі құралдардың ағымдағы жалы негізгі құралдардың жалға берушіге міндетті түрде қайтарылуын көздейді. Бұл өз кезегінде жалдау бойынша жалгерге жалданған негізгі құралдарға иелік ету және олардың пайдалануы мен жалға берушіге уақытылы қайтарылуын бақылауға мүмкіндік туғызады. Жалданатын негізгі құралдардың талдамалы есебі журналда жүргізіледі. Онда есеп талаптарына сәйкес қажет көрсеткіштер көрсетіледі. Жалгердің есебінде қысқа мерзімге жалданатын негізгі құралдар баланстан тыс 001-шотта жүргізіледі. Жалға берушінің есебінде қысқа мерзімге жалға берілген негізгі құралдар 2410-шотында жүргізіледі. Ол шотқа "Меншікті НҚ" және "Жалға берілген НҚ" деп субшоттар ашылады.



Сурет 1. Негізгі құралдарды бағалаудың түрлері

Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес ең төменгі жалдық төлем ақы мөлшері дегеніміз бүкіл жал мерзімі бойында әр есепті кезең сайын жалға алушы төлеуге міндетті төлем ақы болып табылады [4].

Төленуге тиісті ең төменгі жалдық төлемдер сомасын анықтау үшін келесі формула қолданылады:

$$P = \frac{K \cdot N}{1 - (1 + N)^{-t}}$$

Мұндағы: P – есепті кезеңде төленуге тиісті жалдық төлемдер сомасы;

N – қаралған пайыздық ставка, немесе өспелі пайыздық ставка;

K – жалдық мүліктің сату құны;

t – төлем мерзімдерінің саны.

Ұзақ мерзімді жалдық қатынастар жағдайында жалға алушы жалға алынған объектілер құнын өзінің бухгалтерлік балансында актив ретінде, ал төленуге тиісті жалдық төлем ақылар сомасын міндеттемелер ретінде көрсетеді. Жал мерзімінің басында, яғни жалдау келісімі жасалғанда жалданған негізгі құралдарға қатысты жалдық төлем ақы түріндегі міндеттемелер сату құны бойынша, немесе дисконттелген құны бойынша, егер ол сату құнынан төмен болатын болса, көрсетіледі.

Сату құны дегеніміз – мәмілеге қатысушы тәуелсіз жақтардың мүлікті айырбастауға келіскен құны. Жалдық төлемдердің дисконттелген құнын анықтау үшін жал бойынша көрсетілген пайыздық ставка қолданылады.

Жалға берушіде жүргізілген шаруашылық операциялар бойынша бухгалтерлік жазу тәртібі 1- кестеде келтірілген.

Көрсетілген немесе қаралған пайыздық ставка дегеніміз бұл жал мерзімі басында жалданған объектілердің ағымдағы құндары бойынша ең төменгі жалдық төлем ақы сомасын анықтауға және кепілдендірілмеген қалдық құнын анықтауға мүмкіндік беретін дисконт ставкасы болып табылады.

Кепілдендірілмеген қалдық құны дегеніміз негізгі құралдың қалдық құнының бір бөлігі, оның осы құны бойынша сатылуына жалға беруші кепілдік бере алмайды, немесе оны тек жалға берушімен байланысты жақ ғана кепілдендіре алады.

Егер дисконттелген құнды анықтау мүмкін болмаған жағдайда жалға алушының қарыз капиталына қатысты қарапайым ставка қолданылады. Жалға алушының қарыз капиталына қатысты өспелі пайыздық ставка дегеніміз жалға алушы осыған ұқсас жал жағдайында төлеуге тиісті пайыздық ставка, оны жалға алушы жал мерзімінің басында қабылдайды.

Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес ең төменгі жалдық төлем ақы мөлшері дегеніміз бүкіл жал мерзімі бойында әр есепті кезең сайын жалға алушы төлеуге міндетті төлем ақы болып табылады. Оның ішінде жалға алушы үшін – оның кепілдендірген барлық сомалары, жалға беруші үшін – жалға алушы кепілдендірген барлық қалдық құн сомасы.

Кесте 1 - Жалға берушіде жүргізілген шаруашылық операциялар бойынша бухгалтерлік жазу

№	Шаруашылық операцияның мазмұны	Дебет	Кредит
1	Жеткізушілерден негізгі құралдар келіп түсті	2410	3310
2	Өтеусіз алынған негізгі құралдар	2410	6220
3	Пайдаланылған негізгі құралдарды жалға беру	7410	2410
4	Тозу құнының бастапқы сомасына	2420	2410
5	Келісілген күнмен берілген негізгі құралдар	2180	6210
6	Жалдау пайызының сомасына	2180	4420
7	Есепті жылдың басында жалдық % кіріс ретінде есептен шығарылады	4420	6110
8	Жалдау ақысы жалгерден келіп түскенде: - амортизация % бөлігінде - жалдық % бөлігінде	1030, 1010 1030, 1010	2160 2170
9	Жыл аяғында есептен шығарылғанда: - жиынтық кірісті кеміту шығындары; - жиынтық кірісті өсіру табыстары;	5410 6210	7410 5410

Жалгердің қаржылық есебінде жалданған құралдар активтер ретінде көрсетіліп, міндеттеме ретінде оның төленуге тиісті жалдау ақысы ескеріледі. Жалдау ақы жөніндегі міндеттемелер жал мерзімінің басында өткізу бойынша, немесе ол өткізу құнынан төмен болса, онда ол жалдау ақының дисконтталған құнымен көрсетіледі.

Жалгерде жүргізілген шаруашылық операциялар бойынша бухгалтерлік жазу 2 кестеде көрсетілді.

Жалгер күрделі жөндеу бойынша жұмсалған шығындарды жабу үшін кәсіпорынның жалдау шартында көзделген күрделі жөндеудің сметалық құнына тең үлестермен резервтік қор жасақтай алады. Сондықтан да осы күрделі жөндеуге жұмсалған нақты шығындар жөндеу аяқталуына қарай құрылған резерв есебінен есептен шығарылады [5].

Кесте 2 - Жалгерде жүргізілген шаруашылық операциялар бойынша бухгалтерлік жазу

№	Шаруашылық операцияның мазмұны	Дебет	Кредит
1	Жалға алынған НҚ объектілерінің келісім құнына	2410/жалд.НҚ	4150
2	Жалдау ақысы НҚ объектілері бойынша амортизация есептелді	7210, 7110	2420
3	Жалдау ақысы есептелген кезде жалдық % бөлігінде	7310	4160 (% есептелген)
4	Жалдау ақысы аударылған: амортизация % бөлігінде жалдық % бөлігінде	4150 4160	1030, 1010 1030,1010
5	Есепті жылдың соңында шығыстар жиынтық кірістің кемуі есептен шығарылады	5410	7310 (7210,7110)
6	Жал мерзімі аяқталғанда НҚ объектісінің меншікке өтуі:- НҚ объектісінің құнына - тозудың сомасына	2410/1 2420/2	2410/2 2420/1

Егер шарт талабы бойынша, жалгер жөндеуді жалға берушінің есебінен жүргізсе, онда күрделі жөндеудің шығындары есептелген жалдау ақысының есебінен есептен шығарылады (жалдық төлемдердің кемуіне) Д-т 4430 К-т 2920.

Мақаланы қорытындылай келе келесідей ұсыныстар келтіруге болады:

- 1) Жалға алынған негізгі құралдардың келіп түсуін, шығарылуын және олардың қозғалысын есепте дұрыс, уақытылы көрсетуін қамтамасыз ету;
- 2) Жалға алынған негізгі құралдардың дұрыс есптелуіне, оларды тиімді пайдалануына бақылау ұйымдастыру және қор қайтарымдылығын арттыру жөнінде шараларды жүзеге асыру.

#### ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алибекова, Б. А. Қаржылық есеп II [Текст] : оқу құралы / Б. Ж. Акимова [и др.]. - Алматы :

"Экономика" баспасы, 2016. - 261 б. [http://irbis.wkau.kz/cgi-bin/irbis64r\\_91/cgiirbis\\_64](http://irbis.wkau.kz/cgi-bin/irbis64r_91/cgiirbis_64)

2. Асанова, А. Бухгалтерлік есеп негіздері [Текст] : оқу-зертханалық практикум/ Астана: Фолиант, 2014. - 160 б. [http://lib.ineu.kz/CGI/irbis64r\\_11/cgiirbis\\_64](http://lib.ineu.kz/CGI/irbis64r_11/cgiirbis_64).

3. Андреева Т.В. Основы бухгалтерского учета и формирования бухгалтерской (финансовой) отчетности: 2019. <https://e.lanbook.com/book/115547>

4. Нұрсейтов Е.О. «Ұйымдағы бухгалтерлік есеп», Алматы, 2012 ж., 215 б.

5. Тулешова Г. К. Ілгерлемелі қаржылық есеп [Текст] : оқу құралы / Г. К. Тулешова, Б.Ж. Акимова, С.С.Сапарбаева. - Алматы : Экономика, 2017, 222 б. [http://irbis.wkau.kz/cgi-bin/irbis64r\\_91/cgiirbis\\_64](http://irbis.wkau.kz/cgi-bin/irbis64r_91/cgiirbis_64)

6. Проскурина В.П., Акишев М.К. Бухгалтерлік есеп бойынша есептер жинағы. Алматы, 2021 ж., 182 б.

### РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы учета арендованных основных средств и виды их оценки. Существуют также бухгалтерские проводки по хозяйственным операциям между арендодателями и арендаторами. Общая сумма основных средств - это материальные активы, которые предполагается использовать в течение нескольких лет.

### RESUME

The article discusses the issues of accounting for leased fixed assets and the types of their assessment. There are also accounting entries for business transactions between landlords and tenants. The total amount of fixed assets is tangible assets that are expected to be used over several years

УДК 338.436.33

Дуйсалиев М.Б., БФ-42

Научный руководитель: **Рустенова Э.А.**, к.э.н., доцент

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г. Уральск

## СОВРЕМЕННЫЕ БАНКОВСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ И ИХ ВНЕДРЕНИЕ В ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ КОММЕРЧЕСКИХ БАНКОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

### Аннотация

В статье рассматриваются этапы развития банковских технологий, сущность и специфика применения банковских технологий, особенности использования современных технологий в банковском обслуживании, основными направлениями развития электронных банковских услуг. В ходе написания статьи использованы как общенаучные, так и специализированные методы. Сделан вывод, что банковские информационные технологии являются неотъемлемым атрибутом в деятельности любой современной кредитной организации. Все банковские технологии помогают коммерческому банку вести более эффективную деятельность, достигать поставленных целей, находиться на должном уровне конкурентоспособности, увеличивать значения экономических показателей работы банка. Банковские технологии востребованы на всех стадиях работы коммерческого банка: от ведения операционного дня, до принятия крупных управленческих решений.

**Ключевые слова:** *банковские технологии, дистанционное банковское обслуживание, новый банковский продукт.*

Инновационные продукты и услуги коммерческих банков являются одним из основных направлений банковской деятельности и движущей силой развития финансовых институтов. В настоящее время клиентов банка уже нельзя удивлять большим набором услуг, они все больше заинтересованы в использовании нестандартных инновационных продуктов и услуг, а это значит, что для их привлечения, а также для дальнейшего развития банка в сложной рыночной ситуации, когда количество конкурентов растет, необходимо внедрять новые технологии.

Сегодня инновации в банковской сфере - это решающий момент для успешного и устойчивого восстановления экономики. Технологии развиваются экспоненциально, в частности, развиваются цифровые технологии. По этой причине современные этапы развития банковской